

"Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтің құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 наурыздағы № А-3/81 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № А-11/577 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 қаңтарда № 4555 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № А-13/622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 29.12.2015 № А-13/622 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. «Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы » Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 наурыздағы № А-3/81 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4110 болып тіркелген, «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде 2014 жылғы 29 мамырда жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген «Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

8-тармақ келесі редакцияда жазылсын:


«8. Рәсімдердің (әрекеттердің) кезеңділігін сипаттау осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.»;


келесі мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара әрекетінің, рәсімдер (әрекеттер) кезеңділігінің толық сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бизнес-процестерінің анықтамалығында бейнеленген.»;

«Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге
су беру жөніндегі қызметтің құнын
субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне 2-қосымша

**«Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтің
құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті
бизнес-процестерінің анықтамалығы**





*ҚФБ - құрылымдық - функционалдық бірлік: қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызмет орталығының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекет етуі;

- көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- көрсетілетін қызмет алушының және (немесе) ҚФБ рәсімінің (әрекетінің) атауы;
- - келесі рәсімге (әрекетке) өту.